

3. Бачина О.В., Коробова Н.Ф. Пальчиковая гимнастика с предметами. Определение ведущей руки и развитие навыков письма у детей 6-8 лет: Практическое пособие для педагогов и родителей. -М.: АРКТИ, 2006. — 88 с.
4. Беззубцева В.Г., Андриевская Т.Н. Развиваем руку ребёнка, готовим её к рисованию и письму. М., Изд. «ГНОМ и Д» 2003. 120 с.
5. Выготский Л. С. Воображение и творчество в детском развитии. – С.П.б.: Союз, 1997. – 96 с.
6. Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в общую психологию. Курс лекций. – М.: Юрайт, 2002, –336 с.
7. Гусакова А.М. Внеклассная работа по труду. Пособие для учителей.-М.: Просвещение, 1981.-176с.
8. Ермолаева-Томина Л. Б. Психология художественного творчества: Учебное пособие для вузов. – М.: Академический Проект, 2003. – 304 с.
9. Ерёмченко Т.И. Кружок вязания крючком. – М., 1984.
10. Ильина Г.С. Вязание. Альбом. – М., 1983.
11. Фомина Л.В. Стимуляция развития речи у детей путем тренировки движений пальцев рук. // Тезисы докл. 20-го Всесоюзного совещания по проблемам высшей нервной деятельности. М., 1974, с, 281 -282.
12. Большакова С.Е. Формирование мелкой моторики: игры и упражнения. – М., ТЦ Сфера, 2005.
13. Интернет ресурсы.
14. Козина И.Б., Ворончихина В.М., Гущина С.Ю., Кузьминых Л.М., Обухова Л.Р., Охотникова Э.В. Учите детей говорить. Пособие по формированию связной речи у детей старшего дошкольного возраста с ОНР.//Дошкольное образование №13-14 2007

УДК 512.55

СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРДЕ ГОБЕЛЕН ӨНЕРІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Жасузақова А.Қ.

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ.,Қазақстан

Ғылыми жетекші: Абдимоминова Д.Қ.

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ.,Қазақстан

Аннотация:Бұл мақала көне заманнан келе жатқан гобелен өнерін жоғалтпай әрі қарай жана идеялар мен толықтыру және ұлттық нақыштағы сәндік өнерінің технологиясында жіптің түрлерін, жасалу жолдарын, гобелен тоқуды, ұлттық өнер дәстүрі мен байланыстыруды қарастырады. Сонымен қатар, гобелен өнерінің қазіргі таңда сәндік-қолданбалы өнерде алатын орны орасан зор екендігі айтылған. Біздегі тоқыма өнері, кестелеп өрнек салу, киіз басу мен кілем тоқу – осының бәрі түптің-түбінде жаңа қолданбалы өнердің қалыптасуына негіз екендігі айтылады.

Түйін сөздер: Сәндік қолданбалы өнер; Гобелен өнері; Кілем тоқу үлгісі; Сәндік қолданбалы өнерде гобелен өнерінің алатын орны.

Аннотация: В этой статье предусматривает новые идеи и дополнения, не теряя искусства гобеленов с древнейших времен, а также виды нитей в технологии декоративного искусства национального колорита, способы изготовления, вязание гобеленов, традиции национального искусства и связи. Кроме того, было отмечено, что искусство гобелена в настоящее время занимает огромное место в декоративно-

прикладном искусстве. Наше текстильное искусство, вышивка, войлок и ковроткачество - все это основа развития нового прикладного искусства.

Ключевые слова: Декоративно-прикладное искусство; Искусство гобелена; Образцы коврового плетения; Места гобелена в декоративно-прикладном искусстве.

Annotation: This article provides new ideas and additions, without losing the art of tapestries from ancient times, as well as types of threads in the technology of decorative art of national color, methods of production, knitting tapestries, traditions of national art and communication. In addition, it was noted that the art of tapestry currently occupies a huge place in the decorative and applied arts. Our textile art, embroidery, felt and carpet weaving are all the basis for the development of a new applied art.

Key words: Decorative and applied arts; The art of tapestry; Samples of carpet weaving; Places of tapestry in decorative and applied art;

Талай ғасырлар сынағынан еленіп, бабаларымыздан ұрпақтан – ұрпаққа беріліп ежелден келе жатқан халықтық қолданбалы өнердің озық үлгілері мен түрлері жеке тұлғаның қалыптасуына, дамуына, ұлттық тәрбиесіне, адами құндылығына ықпалын тигізері сөзсіз. Соның ішінде, гобелен өнерінің сәндік-қолданбалы өнерде алатын орны ерекше болғандықтан, қазіргі заманауи бағытта гобелен өнерін қалыптастырып, оның құндылығын жоғалтпау, тұрмыста қолдану бағытын насихаттау. Сондықтан, жас ұрпақ тәрбиесіне жалпы білім беру саласында тәлім-тәрбиелік мәні зор халықтың сәндік қолданбалы өнер туындыларын оқу-тәрбие үрдісінде қолдану жағдайлары күрделі зерттеуді талап етеді.

Қазіргі кезде елімізде ұлттық құндылықтардың қайта өркендеуіне жол ашылды. Оған, Н.Ә.Назарбаевтің «Қазақстан халқының болашағы қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Мәдени дәстүрлер қашанда әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келеді. Қазақстанда ұлттық өнерді, мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасалып отыр», – деген сөзі осының айғағы.

Келешек ұрпаққа қолөнердің, соның ішінде гобелен өнерінің қыр-сырын жетік менгеруде, қолданбалы өнер арқылы ұлттық тәрбие беру мәселесін ғылыми – теориялық тұрғыда негіздеу [1].

Тарихқа көз жүгіртіп қарасақ VI – VIII ғасырларда қазақ даласында өмір сүрген жартылай отырықшы тайпаларда ұсталық, метал өңдеу, кілем тоқу, зергерлік, киіз басу, тоқымашылық, шекпен тоқу, тіптен тастан адам бейнесін жасау өнерінің болғанын дәлелдейді. Қолданбалы өнер – қарапайым еңбек құрал-жабдығының көмегімен шикізаттардан әр түрлі бұйымдар жасайтын қолдың көмегімен жасалатын өндіріс. Ендігі кезекте осы қол өндірісі, яғни, қолөнердің түрі гобеленге тоқталатын болсақ, «гобелен» сөзі тұрмыстық жағдайда кілем сөзінің синонимі ретінде қолданылады, яғни «гобелен» дегеніміз – сурет салып тоқылған суретті кілем, кілемше. Бүкіл әлемдік деңгейде көп тараған қолөнер шеберлерінің туындыларының бір бөлігін құрайтын да осы гобелен өнері болып отыр. Ұлттық сәндік қолданбалы гобелен өнері ерекше көркемдікке негізделген, сәнділігі мен үйлесімділігі эстетикалық ләззәт, тыныштық сезімін беретіндей дүние болып табылады.

Гобелен өнерінің шығу тарихы XV ғасырдан басталады. Қазіргі біздің қолданып жүрген «гобелен» деген сөзіміз ең алдымен Францияда алғаш қолданылған. Италия, Испания, Германия елдерінде де жақсы дамыған. Бұл бір жанұяның адамдарының ата-тегіне байланысты аталған. Гобелен атауы француз жүн бояушы фабрикасы басшысының фамилиясынан (тегінен) алынған. Гобелен түкті және тықыр болып екіге бөлінеді.

Жалпы, гобелен тоқуға сюжеттік суреттер салу жолдары іздестірілді. Көркем композициялық туындылардың алғашқы үлгісі тақырыптың мазмұнына сәйкес болуы керек. Гобелен тоқуда қойылатын талаптар төмендегідей болып келеді:

1. Композициялық құрылымын анықтау.
2. Жобалық суреттің нақты шешімін табу.

3. Бояу үндестігін үйлестіру.

Гобелен тоқу техникасы еш өзгерместен, толыға түсіп әлі күнге дейін сақталып келеді және ол жоғарғы қарқынмен өркендеп, ұлғая түсуде. Олай деп айтуымның себебі, қазіргі таңда барлық жерлерде, елдерде, тіпті бүкіл әлемде қарқынды даму үстінде деп айтсақ артық болмайды.

Гобелен тоқуда төзімділік, ұқыптылық, шыдамдылықты қажет етеді.

50 – жылдары интерьерді безендіруде гобеленді көп пайдаланған. Гобелен бөлмеге өзгеше әдемілік, жайлылық, жылылық береді [2].

Халық колөнер шеберлерімен қатар арнаулы білімдері бар суретшілер соңғы кезде кілем, терме алаша тоқудың жаңа тәсілі «Гобелен кілемін» дайындауды қолға алуда. Олар, әсіресе көрмеге қатысуға, сонымен бірге қонақ үй, демалыс залдарын көркемдейтін тақырыптарды іздестіріп одан әрі дамыту жолдарын іздестіруде [3].

Гобелен кілемінің тоқылу мәнері терме алаша, түкті кілемге ұқсағанымен, жалпы ою-өрнек суреті сирек қолданылады. Көпшілігінде адам, мал, дала, құрылыс, білім, мәдениет, спорт тақырыбындағы суреттер өте жиі кездеседі. Ал гобелен кілемінің тоқылуының өзіндік ерекшеліктері бар. Оның жай кілемге қарағанда жіп түстері сан алуан болып, өрнек теруінде бір кілемнің өзінде түкті және түксіз өрнектер араласып келе береді. Сондай – ақ, кейде өрнек жіптері тоқылмай қалатын әдістері де кездеседі. Мұндай тоқылмаған өрнек жібі қиылмайды [4].

Қазіргі таңда білім саласына «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімінде «Гобелен» өнерін енгізу өте маңызды және өзекті болып отыр. Гобелен бағытының даму болашағы зор. Гобелен өнерін тоқып-үйренуде бірқатар жалпы білім беретін пәндерден білімдерін пайдалану қажет болады.

Орта мектептерде «Көркем еңбек» пәні аясында «Гобелен» жайлы 9-шы сыныптарының оқулықтарында қарастырылған.

Атап айтар болсақ: «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімінде «Қазақстанның дәстүрлі тоқыма өнері. Қазақ кілемдері. Алаша; Кілем тоқу. Гобелен. Қазіргі кілем үлгілері; Кілем тоқу материалдары мен құрал-жабдықтары;» - атты тақырыптар берілген.

«Қазақстанның дәстүрлі тоқыма өнері. Қазақ кілемдері. Алаша» атты тақырыпта қазақ халқында тоқыма өнері қалай дамығандығы және қазақ кілемдерінің ерекшеліктерін жазып көрсеткен. Қоғамның қарқынды дамуы мен ғылыми-техникалық үдерістің ілгерілеуіне қарамастан, қазіргі кілемдерде қазакилық сақталғандығы көрінеді.

«Кілем тоқу. Гобелен. Қазіргі кілем үлгілері» атты тақырыбында кілем тоқу және қазіргі кездегі кілем тоқудың түрлі үлгілері туралы айтылған. Қазіргі кілем үлгісінің бірі «Гобелен» кілемі туралы ақпарат беріп қана қоймай, қалай тоқылу керектігін суреттермен көрсеткен.

Ал «Кілем тоқу материалдары мен құрал-жабдықтары» атты тақырыбында Гобелен кілемін немесе басда кілем үлгілерін тоқу барысында қандай материалдар мен құрал-жабдықтарды пайдалану керектігі туралы айтқан. Ең бастысы кілем тоқу барысындағы қауіпсіздік ержелері айтылып өтілген [5].

Өз сөзімді қортындылай келе, халықтың дәстүрлі өнері сол халықтың ғасырлар бойы бастан кешкен өмір салтының, таным түсінігінің жарқын айғағы.

Уақыт озған сайын қоғам дамуы жеделдей түсінетіні айқын. Қазір еліміз өрлеу үстінде. Қай қоғамда болмасын бүгінгіміз бен кешегімізді қастерлеу өмірдегі тіршіліктің, қоғамның парызы. Ал қоғамның дамытушысы-адам.

Бүгінгі болашақ ұрпақ ертеңгі қоғамның иесі, сол қоғамның иелері халқымыздың тұрмыс қажеттілігінен туындаған ұлттық өнер мұраларын сақтап, сұрыптап, қазіргі уақытта сәнді етіп, ұлттық мәдениетімізді қолданбалы сәндік қолөнермен өрендету болып табылады.

Тәуелсіз мемлекетімізде ертеңгі ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениетіне, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігі мен кәсіби шеберлігіне байланысты фабрикалар шығаратын бұйымдарға қарағанда халық шеберлері жасаған бұйымдар

жоғары бағалануда. Қазіргі кезде жаңа өмір өзінің жаңа талаптарын қойып отыр. Оның міндеті өнердің бұрынғы қабілетін бүгінгі күнге табиғи, ұлттық, заманауи бағытта халқымызға жетілдіру.

Сондықтан да өнеріміздің қай түрі болмасын оның өркенді түсуі, еліміздің дәстүрінің жоғалмауы. Ал гобелен өнері өз еліміздің салт – дәстүрін, мәдениетін, гобеленнің тоқылу әдісі арқылы жеткізу, еліміздің өркендеп қол өнерінің әліде жоғары деңгейде көтерілуіне өз септігін тигізетіндігіне сенімім мол [6].

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбдуәлиева Ш. Халық қолөнері.- Алматы : Рауан, 1992.- 120 бет.
2. Сәндік – қолданбалы өнер – ұлттық тәрбие құралы.- Жезқазған : ЖезУ, 2000. - 218-224 б.
3. Сырымбетова А. Т. Қазақ гобелен өнерінің қалыптасуы // Мектептегі технология, 2007. - № 5. 17 – 19 б.
4. Түзелбаева А. А. Гобелен тоқу технологиясы // Мектептегі технология, 2008. - № 9. 30 – 31 б.
5. Р.Ш.Алимсаева, Е.Е.Велькер және т.б. Көркем еңбек: жалпы білім беретін мектептің 9-сынып оқушыларына арналған оқулық (қыз балаларға арналған нұсқа) + CD / Р.Ш.Алимсаева, Е.Е.Велькер, Е.Е.Велькер, О.С.Лосенко. – Көкшетау: Келешек-2030, 2019. – 14 б.
6. Ұлт тағылымы, 2000.-№ 6.-56-58 б.

УДК 512.55

КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАҒЫ ӘЙЕЛДЕРГЕ АРНАЛҒАН БАС КИІМДІ ЖАСАТУ АРҚЫЛЫ ЭТНО-СТИЛЬ ТҮСІНІГІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Карабалина Д.А.

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ.,Қазақстан

Ғылыми жетекші: Абдимоминова Д.К.

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ.,Қазақстан

Аннотация:Бұл мақалада көркем еңбек сабағында ұлттық нақыштағы әйелдерге арналған бас киімді жасату арқылы этно-стиль түсінігін қалыптастыру туралы айтылған. Ұлттық нақыштағы бас киім түрлері мен ерекшеліктерін зерттей отырып, тарихи құнды мәліметтер жинақтау. Ұлтымыздың мұрасын сақтауға және оны насихаттауға, ұлттық тәрбие беруге үйрету.

Кілт сөздері:жаңартылған білім мазмұны, көркем еңбек, ұлттық қолөнер, этностиль
Аннотация:В данной статье говорится о формировании понятия этно-стиля на уроках художественного труда путем создания головного убора для женщин с национальным колоритом. Сбор исторических данных с изучением видов и особенностей головных уборов национального колорита. Обучение сохранению и пропаганде наследия нации, национальному воспитанию.

Ключевые слова: обновленное содержание образования, художественный труд, национальное ремесло, этностиль.

Annotation:This article discusses the formation of the concept of ethno-style in art work lessons by creating a headdress for women with a national color. Collection of historical data